

**«Көсембай негізгі мектебі» КММ**  
**Көсембай негізгі мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылында атқарылған**  
**әлеуметтік-педагогикалық жұмысының**  
**талдауы**

2022-2023 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №472 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды.

**Мақсаты:** - Мектеп оқушыларын өмірге, қоғамға бейімдеу;

-Оқушының әлеуметпен жан-жақты қарым-қатынас ортасын құру;

-Ата-аналармен тығыз қатынаста болу;

-Көмекті қажет ететін балаларға әлеуметтік көмек көрсету;

-Жетімдікті болдырмаудың алдын алу

**Міндеттері:** -Оқушылардың өмір сүру жағдайын анықтау;

-Қамқорлыққа алынған оқушылардың құқығын қорғау;

-Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету;

-Тәртібінде және мінез-құлқында ауытқулары бар оқушылармен жұмысты жақсарту;

- «Бала құқығы туралы» БҰҰ конвенсиясын қатаң сақтау;

-Мұғалімдер мен ата-аналардың арасындағы байланысты нығайту;

Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

**I. Сынып жетекшілермен жұмыс**


Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинақталды. Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды оқулықпен қамтамасыз етілді. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2022-2023 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды:

Әлеуметтік мәртебесі	Толық отб.	Толық емес отб.	Әкесі жоқ балалар	Көп балалы отб.	Мүгедек ба-лалар, мүмкіндікт ері шектеулі балалар
2022-2023оқу жылы	31отбасы/53 бала	4 отбасы/8 бала	2отбасы/3 бала	13отбасы/32бала	1отбасы/16 ала

**II. Оқушылармен жұмыс.** Оқушылардың үйлерін аралап, кеңестер берілді. Оқушылардың жеке картотекалары толтырылды. Оқушылардың әлеуметтік ортасын, диагностикалау және отбасын анықтау жұмыстары жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.



Әлеуметтік қамқорлықтағы балалардың тұрғын-жай ларын зерттеу актілері жүргізілді. Сынып жетекшілермен бірлесе отырып, әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланыс жасалды. Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. «Қайырымды істер марафоны» акциясы бастау алды. Жастардан құралған волонтерлер игі істер жасап, оны әр адамға үлгі болуы үшін әлеуметтік желілерде бөлісті.



Мектебімізде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар анықталмады. Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді. Акция аясында қолдау көрсетілген оқушылардың көрсеткіші төмендегідей:

№	Оқушының аты-жөні	сумасы	Заттың атауы	демеуші
1	Дәулетов Данабек	10 000	Мектеп формасы, оқу құралы	Самұрық Қазына
3	Абдолов Есенкелді	5000	Оқу құралдары	Мектеп мұғалімдері
4	Сейткереев Мейірбол	10000	Мектеп формасы	
7	1-сынып оқушылары		Сөмке, оқу құралдары	Т.Салпыков «Анвар» ЖШС директоры

**III. Қиын және құқықбұзуға бейім оқушылармен жұмыс** Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:


Мектепшілік есепте тұрғандар – 0.

Тәуекел топтағы оқушылар – 0.

Аудандық ІІБ есебінде тұрғандар – 0.

Мектепшілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың тізімін анықтай жұмыстары жүргізілді. Бірақ қиын оқушы болмады.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Сен өз құқығың мен міндеттеріңді білесің бе?» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Өмір, денсаулық қауіпсіздігі және оқушылардың қоғамдық орындарда өздерін ұстау тәртібі туралы 5-6-7 сынып оқушыларының тәрбие сағаттарына қатыстым.



**IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.**

Мектептегі білім алушылармен құқық туралы бірнеше жұмыстар жүргізілді. Әр жұмысты шешу барысында қамқоршылық және қорғаншылық арқылы шешіліп отырды.

**V. Әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмысы**

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қамқорлық», акциясы ұйымдастырылды. Түскен қаражат көмекті қажет ететін оқушылар анықталып, берілді.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебегіне отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке не анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр.

Ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

**VI. Оқушылардың дамуына әлеуметтік педагогикалық жұмыс**

Оқушылар арасында «Шылым шегідің адамзат кміріне зияны» тақырыбында түсінік жұмыстар берілді. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасында «Темекі және алкоголь өнімдерін сатуға жол бермеуді» бақылау жұмыстары жүргізілді.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақсаған ұнайды ма?» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспармен қоса аудандық облыстық білім бөлімдерінен келген қатынас қағаздардың негізінде бірнеше дөңгелек үстелдер, сауалнама тарту, кештер, кездесулер ұйымдастырылды. Сол шаралардың дәлелі болатын төмендегі суреттер әлеуметтік желіге жарияланды.



kosembai2024



Республика күнін мерекелеу жөніндегі іс шаралар жоспарын орындау шеңберінде азаматтардың әлеуметтік осал санатына қайырымдылық көмек көрсетуге бағытталған "Жанашыр Жүрек" республикалық акциясын өткізу жоспары негізінде мүгедектігі бар балаларға мамандандырылған дәрігерлердің тегін кеңесі ұйымдастырылды.

@oiyl\_bilim\_bolimi  
@aqtobe\_bilim\_basqarmasy  
#zhanashirzhurek  
#zhanashirzhurekrespublika  
#ДеньРеспублики  
#РеспубликаКүні  
#РеспубликаКүніАқтөбе2022

Отредактировано · 83 нед. Показать перевод



Нравится aisabek\_yirik и еще 22  
13 октября 2022 г.

Добавьте комментарий...




kosembai2024



Көсембай негізгі мектебінің әлеуметтік педагогы Сисенов Медет интернеттегі алаяқтықтың алдын-алу мақсатында ата-аналарға және ауыл тұрғындарына алаяқтықтың белгілері, оның алдын-алу бойынша кеңестер жазылған жадынамалар таратып, алаяқтықтың алдын-алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. @aqtobe\_bilim\_basqarmasy @oiyl\_bilim\_bolimi @oiyl\_akimdigi @aktobeakimat


53 нед. Показать перевод



Нравится aisabek\_yirik и еще 26  
12 май 2023 г.

Добавьте комментарий...

InCollage



kosembai2024

...



kosembai2024 XXI ғасыр адам өмірінің әртүрлі саласында жаңалықтар енгізіп қана қоймай жаңа мамандықтарды ала келеді. Адам баласы XX ғасырда қажетсізбенген тіпті естіп білмеген түрлі мамандықтар пайда болуда. Осыған орай Көсембай негізгі мектебінде қазіргі таңдағы сұранысқа ие, жаңа замандағы, жаңа мамандықтарды оқушыларға таныстыру, олардың қызметтері туралы түсіндіру, болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру мақсатында 7-8-9- сынып оқушыларымен әлеуметтік педагог М.Сисенов "Жаңа замандағы жаңа мамандықтар" тақырыбында дөңгелек үстел жұмысын ұйымдастырды.

@oiyl\_bilim\_bolimi @aqtoobe\_bilim\_basqarmasy


@oiyl\_akimat @aktobe.akimat

68 нед. Показать перевод



Нравится marsrza04 и ещё 12

24 января 2023 г.



kosembai2024

...



kosembai2024 Көсембай негізгі мектебінде әлеуметтік педагог Медет Жұматайұлының ұйымдастыруымен балалары үлкен жетістіктерге жетіп жүрген өнегелі әкелерімен "Сіздей болғым келеді" тақырыбында сыр сұбат ұйымдастырды. Қашанда бала тәрбиесіне қатысты мәселелерден тыс қаламайтын әкелеріміз Бисенов Қоңырбай ағамыз бен Сатыбалдин Өміржан ағамыз оқушылармен тәрбиелік мәні бар, қнды кеңестерімен бөлісті. @oiyl\_bilim\_bolimi @aqtoobe\_bilim\_basqarmasy @oiyl\_akimat @aktobe.akimat

66 нед. Показать перевод



nuriaabdiganieva Осындай әкелеріміз көп болсын

66 нед. Ответить. Показать перевод



nuriaabdiganieva Керемет 🍀🍀

66 нед. Ответить



Нравится esmukhannurgaliev и ещё 37

9 февраля 2023 г.



Добавьте комментарий...

Свой комментарий...



kosembai2024



Көсембай негізгі мектебінде "Маған өмір керек, мен өмірге керекпін" атты ер балалармен жұмыс жоспары негізінде 5-8 класс оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізілді. Өмір жайлы пікірталас, ұлы тұлғалардың өмір жайлы нақыл сөздерін талдады, бейнеролик тамашалап, өз ойларымен бөлісті және әр түрлі жағдаяттардың шешімін тапты. @oiyl\_bilim\_bolimi @aqtobe\_bilim\_basqartmasy @oiyl\_akimat @aktobe.akimat #ғарамаматыналайықбол

63 нед. Показать перевод



Нравится esmukhannurgaliev и еще 9

2 март 2023 г.

*Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды келер оқу жылында жасаймын:*

- Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы жұмысты әлі де болса жандандыру;
- Оқушының жан-жақты қарым-қатынас ортасын құруын қадағалау;